

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 наурыздағы № 228 "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 425 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 9654 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 113 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 28.04.2022 № 113 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Меңдіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 28 наурыздағы № 228 шешіміне (2014 жылғы 15 мамырда "Меңдіқара үні" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4640 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі тақырып өзгермейді:

"Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы
Аудандық мәслихаттың хатшысы

М. Гизбрехт
К. Арыков

Мәслихаттың
2020 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 425 шешіміне
қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 28 наурыздағы
№ 228 шешіміне
қосымша

**Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Молодежное ауылының тұрғындарына	84
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Алешинка ауылының тұрғындарына	31
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Алқау ауылының тұрғындарына	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК